

Хаттама

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша семинар-кеңес

20.01.2025 жыл

Балпық би ауылы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасы» МҚК компаниясы қызметі семинар кеңес өткізді;

Қатысқандар: аурухана қызметкерлері
Комплаенс-офицер Нұржігітова С.Б.

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар тұжырымдамасы
2. Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы
3. Пара алу және пара беру түсінігі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етіне сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік мемлекет Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында медициналық қызметкерлеріне үстемақыны мақсатты жұмсау мәселелері ерекше бақылауда және тұрақты негізде тиісті жұмыстар жүргізеді. Қазақстан Республикасында пара алу және беру әрекеттері заңсыз болып табылады және қылмыстық кодекспен әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің әрекет ету саласына жатады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында, сондай-ақ өзге де заңдарда көзделген,

заңдарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекет.

Пара

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі парамен байланысты қылмыстың екі түрі қарастырады:

пара алу (366-бап);

пара беру (367-бап).

Пара алу - ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе бопсалаумен бірге жүрсе, ол лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен артықшылықтар алумен тұрады.

Пара беру - лауазымды адамды заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға көндіруге, не берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

Пара деп түсініледі:

Заттар-акша, оның ішінде валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік.

Қызметтер мен пайдалар - емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийлік және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығыстарды өтеусіз немесе төмендетілген құнмен төлеу.

Пара алғаны үшін кім жауапқа тартылуы мүмкін?

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті лауазымды тұлға және оған теңестірілген тұлға пара алушы деп танылуы мүмкін.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар — мемлекет функциялары мен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар.

Қорытындылай келе, көбіне жалған ақпарат хабарлаған адам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Комплаенс офицер: Нұржігітова С.Б.

